"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ЮЖНО-
КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі,14-ғимарат
Тел.: 8 (7252)-35-06-06, факс: 35-10-01 ММ код 2170025,
СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 ОҚО
бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Шымкент, ул.Водопьянова, 14-здания Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

27.02.2018 жыл
№09-15/884

«Боонис КС» ЖШС – нің
директоры
С.Б.Шанкөзге
ОҚО, Төлеби ауданы, Ленгер қаласы,
8 март көшесі, н/з.
телефон: 8 777 139 24 49,
87785944474; seytkali.st@mail.ru

Сіздің 14.02.2018 жылғы
№11 санды өтінішіңізге:

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент),* Сіздің өтінішіңізде көрсетілген мәселелерге байланысты төмендегіні мәлімдейді.

Қазақстан Республикасының 04.12.2015 жылғы «Мемлекетітк сатып алу туралы» заңының *(бұдан әрі – Заң)* 9 бабы 1 тармағы 4 – тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы тұрғысында біліктілік талаптары қойылады.

ҚР ҚМ 11.12.2015 жылғы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №648 бұйрығының *(бұдан әрі – Қағида)* 85-1 тармағына сәйкес, тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

Егер техникалық ерекшеліктің орнына конкурстық құжаттамада заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылған болса қажетті материалдық және еңбек ресурстары құрылыс машиналарының, механизмдердің, автокөлік құралдарының негізгі түрлері мен еңбек ресурстарына қажеттілікті қамтитын жобалау-сметалық құжаттаманың (құрылысты ұйымдастыру жобасы) тиісті бөлімінде көрсетіледі.

Жобалау-сметалық құжаттамада құрылыс машиналарының, механизмдердің, автокөлік құралдарының негізгі түрлері мен еңбек ресурстарына қажеттілікті қамтитын (құрылысты ұйымдастыру жобасы) тиісті бөлім болмаған жағдайда жобалау-сметалық құжаттаманың негізінде осындай қажеттілікті көрсететін құрылыс машиналарының, механизмдердің, автокөлік құралдарының негізгі түрлері мен еңбек ресурстарының тізбесі әзірленеді және жобалаушымен келісіледі.

Сонымен қатар, Қағидадағы конкурстық құжаттамаға 5 – қосымшаның «Біліктілігі туралы мәліметтер» ескертулеріндегі 15 тармағында: *«Конкурстық құжаттамада көзделген құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының және әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімінде ұсынылған құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының* ***бір – бірін ауыстыруы жобалаушымен келісіледі****»* деп көрсетілген.

Ал, конкурстық құжаттамада көзделген құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының және Сіздің біліктілік туралы мәліметіңіздің материалдық ресурстар бөлігінде ұсынылған құрылыс машиналарының, механизмдердің, автокөлік құралдарының бірін – бірі ауыстыруы – **жобалаушымен келісілмеген.**

Осыған сәйкес, конкурстық комиссияның әлеуетті өнім беруші «Боонис КС» ЖШС – нің өтінімін біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сай емес деп конкурсқа қатысудан шеттетуі – Заң және Қағида талаптарына қайшы келмейді.

Бұдан бөлек, Сіздің өтінішіңізде көрсетілген «DARIA ГРУПП» ЖШС – гі мен «Гермес Транзит» ЖШС – гі арасында 30.01.2018 жылы алдын ала жасалатын шарт бойынша: Департамент тарапынан «DARIA ГРУПП» ЖШС – нен бұл шарттың шын мәнінде түзілгені жөнінде сұраныс хат жолданып мәлімет алынды.

ҚР 12.01.2007 жылғы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» №221 заңының 12, 14 баптарына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент басшысының
орынбасары **Қ.Сапарбеков**

Орындаған: А.Т.Садыкбеков
Тел: 8 /7252/ 36 06 06